




ИНТЕРНЕТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

ҚҰБЫЛМАЛЫ ИНТЕРНЕТ





Бұл дәрістің Патрисия Волестің Кембридж университеті баспасынан шыққан «Интернет психологиясы» кітабына негізделетінін айта кеткім келеді. Материал менің жеке ойым емес, тек қана ғылыми зерттеулер нәтижелерін қамтиды және ғылыми тұрғыдан толықтай ашылған болып табылады.

Интернет әйелқұмар әйелдер, көгілдірлер, бисексуалдар мен транссексуалдар, сонымен қатар, гетеросексуалдар еместер үшін аса құнды болуы мүмкін. Олар өздерін белгісіз жыныс немесе нақты бір жарлықпен байланыссыз түрде таныстыруы мүмкін, сондықтан да олардың сексуалдығы белсенді болып көрінеді. Бұл мағынада Интернеттің адамдардың іздеудегі, әлеуметтік қолдаудағы және ақпарат алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін географиялық шегараларды бұлыңғырлау қабілеті маңызды.

ЭӘКБТ – ағылшын тілінде әйелқұмарлар әйелдерді, көгілдірлерді, бисексуалдар мен трансгендерлерді белгілеу үшін пайда болған қысқартпа сөз. Бұл термин «мәдениет негізінде сексуалдылық пен гендерлік теңдіктің» айырмашылығын көрсетуге арналған және гомосексуалдық, бисексуалдық және трансгендерлік қауымдастықтарды белгілеу үшін пайдаланылады.

Бұрын гомосексуалдық адамның психологиялық жабырқаушылығы ретінде анықталатын. Соғыстан кейінгі жылдар гомосексуалдыққа деген көзқарастың біртіндеп өзгеру және оны ауру ретінде жіктеуді тоқтату процесінің бастамасы болды.

Американдық психолог және сексолог Эвелин Хукер аурухана пациенттері болып табылмайтын гомосексуалдар тобына алғаш рет зерттеу жүргізіп, гомосексуалдыққа қатысты қоғамның теріс қабылдайтын көптеген процестері бар екендігін анықтады.

Алдыңғы зерттеулер тек аурухана немесе түрме қабырғасындағы гомосексуалдарға ғана қатысты болатын. Хукер зерттеулері гомосексуалдықта ешқандай да ерекше патология болмайтынын және гомосексуал тұлғалар психологиясының гетеросексуалдардікі сияқты кең ауқымда болатындығын көрсетті.

Эвелин Хукер зерттеулері басқа әдістерді пайдалана отырып, бірдей нәтиже алу арқылы бірнеше рет қайталанған (тек АҚШ-та ғана емес, басқа да елдерде). Мысалы, Харрис Фридман әйелдерді, ал Хукер ер адамдарды зерттеген: бірақ нәтижелер мен қорытындылар бірдей болған.

Өздерін көгілдірлер немесе әйелқұмар әйелдер етіп көрсететін адамдардың заңнамалық және әлеуметтік жағдайы әлемнің әртүрлі елдерінде ерекшеленеді. Көп мемлекеттерде қызу саяси, заңнамалық және діни пікірталастар пәні болып табылады.

ЭӘКБТ жастары үшін онлайн-ресурстар мен әлеуметтік қолдау аса маңызды. Бұл жастар тұлғалық зерттеу орталығында болады, ал жергілікті мектеп қабырғасынан тыс ақпарат пен байланысқа қолжетімділік үлкен пайда әкелуі мүмкін. Біржынысты қатынастар қабылданып, ЭӘКБТ тұлғасы бұқаралық ақпарат құралдарында танымал қоғамдарда да Интернет ересек өмірге ауысуда маңызды орын алады.

Рединг Университетіндегі Гэри Даунинг олардың өздерінің жеке өмірін қаншалықты белсенді қалыптастыратынын, қашан теңдік іздейтіндігін және Интернеттің қандай орын алатынын зерттей отырып, Біріккен Патшалықтағы он алты мен жиырма бес жас аралығындағы ЭӘКБТ жастарымен әңгімелескен.

ЭӘКБТ қауымдастығындағы көп адамдар үшін арнайы сайттар мен әлеуметтік желілердің маңызды екендігі анықталды. Себебі аталған ортада олар өз достарына қоя алмайтын сұрақтар қою мен олардың мәселесімен бөлісетін адамдардан жауап алудың қауіпсіз орны саналады екен.

Дамыған елдерде жыныстық тәрбиелеу сыныптарында да сексуалдық алуан түрлілікті қозғайтын тақырыптар жиі көтерілмейді.

ЭӘКБТ қауымдастықтарына арналған әлеуметтік желілердің өзіндік нормалары, тәжірибесі және беделі болады. Олардың кейбірі негізінен өмір сүру салты мен қауіпсіз тәжірибе жайлы ақпаратпен бөліскісі немесе саяси әрекеттерді ұйымдастырғысы келетін адамдарға арналған. Басқалары – кездесулер мен танысулар үшін, олардың жауаптары мен беделдері әртүрлі, қолданушылар басқа танысу сайттарына қосатын қатты ерекшеленетін бағалар жағынан ұқсас келеді.

Кей сайттарды денсаулық сақтау саласындағы мамандар құрып, насихаттайды. Себебі аталған топ адамның иммун тапшылығы вирусына (АИТВ) бейім келеді және бұл қатерді білім



беру мен ақпарат арқылы төмендетуге болады. Денсаулық сақтау саласындағы мамандар модерациялайтын онлайн-фокус-топтарда он төрт пен он сегіз жас арасындағы жас ер адамдар модератордың сұрағына жауап беріп, бір-бірімен пікір таластыру үшін күніне екі рет тіркелген.

Тәжірибе әсіресе сексуалдық тәжірибесі жоқ қатысушылар үшін аса пайдалы болған. Олардың бірі: «Бұл керемет тәжірибе болды. Мен бұл жерде ойлағаннан да көп нәрсені үйрендім», – деген. Сексуалдық тәжірибелі қатысушылардың мұндай шыдамсыз сұрақтары болған жоқ, бірақ олардың бәрі модератордан денсаулықтан бөлек әуен, достар, отбасы және мектеп сияқты басқа да, жеке қызығушылықтар жайлы әңгімелесу үшін жаңа тақырыптар ашуын сұраған.

Қатысушылардың онлайн-топтарды тек ақпараттық ресурс ретінде пайдаланбай, өмірлік тәжірибелерімен бөлісуді де құп алғаны түсінікті.

Адамдар Интернетте баспаланған сөздерді, өз фотосуреттері мен бейнероликтерін, лақап аттарды пайдалану арқылы кейіпкерлер мен әсерлер құрады. ӘӘКБТ адамдармен сұхбаттасу тек бір ғана емес, бірнеше адамды құру үшін әлеуметтік желілерді пайдаланудың көптеген әдістерін көрсетеді. Бірақ арнайы сайтқа қосылу сексуалдық көзқарас жайлы күшті сигнал болуы мүмкін, ал Facebook-ке қосылу басқаша.

Көптеген гомосексуалдар отбасымен, достарымен және әріптестерімен ашық өмір сүреді, ал Facebook-тегі профильдер, мысалы, «қызығушы еркектерді» атау немесе өз серігінің атын не фотосуретін қосу арқылы олардың жағдайын растайды.

Зерттеудің басқа қатысушысы Facebook-тегі өз атының жазылуын өзгерткен, сондықтан әуесқой туыстары оны таба алмаған. Сонымен, аудиторияны сегменттеуге арналған шегараларды орнату контентті әлеуетті өшірумен күресудің жалпы стратегиясы болып табылады.

Берілген зерттеуге қатысушылардың барлығының басқа сайтта өзге профилі болған, ал кейбірінің он екіге дейін белсенді профильдері болған. яғни бірнеше сәйкестік стратегиясы әртүрлі аудитория үшін өз профилін басқарудың танымал тәсілі болып табылады.

Басын тақырлап алдырған бір адам басқа біреу мұны алдын ала ойластырылған көшірме екен деп ойлағанша профиліндегі барлық суреттерді өзгертуге асығу керектігін түсінген.

ӘӘКБТ адамдар Интернет ресурстардан көп ұтса да, олар қауіп-қатерлерден қорғалмаған.

Әйелдер әйелдік стереотип шеңберінен шыққан кезде жиі сексуалдық кемсіту құрбанына айналатыны сияқты еркектер де өздерін өте көп «қыз» сияқты ұстағаны үшін басқа ер адамдардан көп кемсітулер мен мазақ сөздер естиді. Бұл стереотиптер біздің бейсанамызда анық және қате анықталған.

Малайзиядағы бір жетекші және интернет-БАҚ қоғамдық орындарда ӘӘКБТ өкілдерін анықтау үшін гид жариялаған.

Авторлардың сөзі бойынша, көгілдірлерді сақалдың болуы, спортпен шұғылдануы және брендтік киімдерге әуестігі арқылы оңай анықтауға болады. Әйелқұмар әйелдердің ерекшелігі ретінде журналистер еркек жыныстыларға деген құрметсіздік, сонымен қатар құшақтасу мен қол ұстасуға құмарлықты атайды.

Пікірлердің жергілікті көшбасшылары материалды өте жағымсыз түрде қабылдаған. Малайзиялық блогер Арвинд Кумар өткір хабарлама жасады: «Бұл елде шешілуі тиіс одан да маңызды мәселелер бар. Егер Сіз шынымен қоғамды тәрбиелегіңіз келсе, онда педофилдың, аздырушыны, адам өлтірушінің, ұрлықшының өмірге шынымен қауіп төндіретін адамдардың бейнесін сипаттаңыз».

Бұқаралық ақпарат құралдарында ӘӘКБТ аңду шынымен де бар. Интернет бұл тұрғыда белгілі бір қорғау және қолдау құралы болып табылады.

Малайзияда біржынысты қатынастар қылмыс болып саналады. Елде отарлық кезеңде қабылданған заң бар – ол мұндай байланыс үшін жиырма жылдық бас бостанығынан айыруды тағайындайды. Бұл құбылысқа жергілікті тұрғындардың қатынасы да негативті: гомосексуалдық қатынасқа күдікті жастарға шабуыл жасау жағдайлары тіркелген.

Интернеттің пайда болуы әлеуметтік желілерде көгілдірлердің танысуларының санының артуына алып келді. Көгілдірлерге онлайн араласуға арналған вебсайттар ӘӘКБТ-ға өз ұқсастығын ашық анықтау қысымы мен гомофобтық кемсіту қатерінен салыстырмалы түрде еркін болып, қауымдастықтың бір бөлігі болуға мүмкіндік береді.



Қазіргі таңда қауымдастық мүшелері жиі пайдаланатын ӘӘКБТ танысуларға арналған әр алуан сайттар бар. Егер ірі қалалардағы тұйық топтар қауіпсіз қоғамдық кеңістіктер болса, кіші және/немесе әлеуметтік кертартпа қалаларда интернет ауқымды ӘӘКБТ қауымдастықпен жалғыз байланыс болуы мүмкін.

Кейбір адамдар аталған сайттар уақыт пен күш кетіруге тұрмайды десе де, олар әртүрлі елдерде танымал бола түсуде. Кей сайттар шамамен үш мың белсенді профильдерді қамтиды.

Сонымен қатар әдетте құпиялыққа қатысты қателіктері болса да, танысуға арналған мобильді қосымшалар да танымал болып келеді. 2014 жылы бір танымал мобильді қосымшаның орын анықтау функциясының жұмысындағы қателікті анықтаған соң, блогер қосымшаның Ресейдегі көп қолданушыларының орындарын хабарлаған және шенеуніктер арасындағы кейбір белсенді профильдерді атаған.

ТМД елдеріндегі кәметке толмаған ӘӘКБТ қауымдастық мүшелеріне арналған онлайн-қолдауға қатысты әлеуметтік желі құрудың халықтық әрекеті жігерлендіреді. Олардың ең танымалы – «көрінбейтін» ӘӘКБТ-тинэйджерлерге қатысты мемлекет ұстанымы ойыны. Топта сенімсіз қоршаған кеңістікте өз теңдігін табу үшін күресетін дәстүрлі емес жыныстық қатынас көзқарасындағы жасөспірімдердің жан тебіренерлік және ынталандырушы есептері жарияланады. Тіпті ресми емес топтарда да белгілі бір тинэйджерлер туыстық емес мәдени қызығушылықтарда қолдау тапқан.

Кәметке толмаған ӘӘКБТ-тұлғаларға қатысты баламалы музыкалық ортаның да шыдамды екені белгілі, көптеген тинейджерлер анимеге деген ортақ қызығушылық арқылы қолдау тапқан. Мысалы, Рунеттің қауымдастықтардың дамуына үлес қосқанымен қатар, ол ӘӘКБТ-тұлғаларға қарсы бағыталған зорлық және жан-жақты қылмыстар құралына айналды. ВВС хабарлағандай, халық жасақтары ӘӘКБТ-тұлғаларды алдап кездесуге шақыру арқылы анықтау үшін интернеттегі танысу сайттарын пайдаланған, олардың көбі өміріне қауіп төндіретін жағдайдағы көгілдірлер болған. Олармен жеке қалған соң халық жасақтары өз құрбандарына ауызша және физикалық зорлық көрсетеді (кей жағдайда өлтіреді) және аталған қылмыстардың бейнежазбаларын әлеуметтік желілер мен анти-ӘӘКБТ вебсайттарға салады. Аталған топтардың кейбірі өшіріліп, қара тізімге енсе де, кейбірінде 170 000 мүшеге дейін бар және олардың бейнежазбалары ондаған мың қаралым жинайды.

Егер ТМД елдерінде гомосексуалдарды зорлау мен кемсіту жаңалық болмаса, халық жасақтары масқаралауының жаңа белгісі – жақындағы антигомосексуалдық насихаттауға тыйым салудың тікелей өнімі. Мысалы, Ресейдегі заң «азшылық жерде дәстүрлі емес қатынастарды насихаттауға» тыйым салады және гомосексуалдық пен педофилия түсініктеріне тұрғындардың көбісі аталған топтарды бірдей санап, жек көретіндей бірдей анықтама береді.

Бұл топтардың ең ірісі – бұл «Оккупай-педофилия», оның мүшелері «педофилия» және «гомосексуалдық» сөздерін алмастырып қолданады және жастарды педофилдерден гомофобтық орынсыз айыптаулар көмегімен қорғаймыз деп мақтанады. Сонымен қатар заңда сексуалдықтың жеке және қоғамдық байқалуы арасындағы айқын емес айырмашылықтар аталған халық жасақтарына ресейлік ӘӘКБТ-қауымдастық мүшелерінің өмірі жайлы жеке мәліметтерді өз қызығушылықтарына пайдалануға рұқсат береді.

Ресейлік заңның қысымы ұрып-соғулар мен келемеждеулер жайлы хабарламаларға көз жұма отырып, жағдайды одан әрі ушықтыра түсті. HumanRightsWatch хабарлағандай, ресейлік полиция егер құрбандар өздерінің гомосексуалдық қатыстылығын білдірсе, ұрып-соққан дұрыс деп есептейді. Егер шабуыл жасаушылар сұраққа алынса да, олар өз кезегінде құрбанның өзін гомосексуал деп атағанын немесе өздерімен ойнағанын айта алады, ал бұл заңды құқықтық қорғаныс құрады.

Нәтижесінде кәметке толмаған ӘӘКБТ-тұлғаларды жек көру негізінде жасалған қылмыстардың көбі жазасыз күйде қалады.

Мұндай заңнамалық нормалар мен олардың қатаң орындалуы кемсітушілік пен жек көрушілікке жол ашады. Интернет ресейлік ӘӘКБТ-қауымдастық үшін сенімді қорғалған жеке кеңістік сияқты көрінсе де, Кремль топтың жеке онлайн-кеңістігінің әлсіз өзегін терең жарақаттаған жек көру толқынын шығарды.

Ірі қалалар ішіндегі қауіпсіз аймақтар Ресейде әлі бар болса да, жалғасып келе жатқан гомофобия мен интернетті үкіметтік бақылаудың артуы бүкіләлемдік торға ресейлік ӘӘКБТ-



қауымдастықтың негізгі байланыс тәсілі және еркін пікір білдірудің аз қалған кеңістіктерінің бірі ретінде қауіп төндіруін арттырады.

Қазақстанда көгілдір болу қауіпті саналады. Қорқыту, кемсіту, кейде тіпті, физикалық күш көрсету – дәстүрлі емес жыныстық көзқарас өкілдерінің жиі кездесетіні. Адамдар елден кетуге мәжбүр.

– Мен Қазақстаннан жалғызбын, бірақ орынды себепке байланысты кеттім, – деп еске түсіреді Сергей, – Бұл – ҰҚК (Ұлттық қауіпсіздік комитетінің) менің қызметіме қатты назар аударуы. Телефон қоңыраулары, әңгімелерді тыңдау, қауіп-қатер, пәтерге кіріп келу және арсыз аңду. Бір кезде мен әскери комиссариатқа келгенімде менің ісімнің ҰҚК бақылауында екенін білдім. Менің атым жазылған бумаға «ҰҚК бақылауында» деп жазылып тұрды. Содан кейін мен ызаланған түрде: «Бұл не?», – деп сұрадым, әйел адам дереу менен буманы жұлып алды да, маңызды ештеңе емес деді. Буманы алып алды, содан кейін маған оны жартылай бос күйінде, әрине, бағанағы жазбасыз қайтарды. Суретке түсіріп алғаным жақсы болған екен. Осы жағдайдан кейін келісімшарттың болғандығына қарамастан пәтерден кетуімді сұраған жалға беруші қоңырау шалды. Бұл соңғы белгі болды, тағы бір нәрсе күту ақымақтық болар еді. Қазақстанда істердің қалай қозғалатынын және жүретінін барлығы керемет түсінеді деп ойлаймын».

2016 жылдың қаңтарында Сергей Астафьев басқаратын AS «АКТИВ» Жастар қоғамдық бірлестігі Интернетке «Қазақстандағы ӘӘБТ-қауымдастыққа төзімділік деңгейін зерттеу» атты өз зерттеу нәтижелерін жариялады. Зерттеу жұмысы қоғамдық жаңғырық тудырды. Зерттеудің негізгі алғышарты елдегі ӘӘБТ-қауымдастықтың жағдайы жайлы сенімді және өзекті ақпараттың аса жетіспеушілігі болды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы азаматтарының ӘӘБТ-қауымдастықтар жайлы қаншалықты білетіні мен олардың оған қаншалықты шыдамды екендіктерін білу керек болды.

Зерттеу нәтижелері бойынша жауап берген бес жүз адамның тек 12 ғана өздерін ӘӘБТ қауымдастық мүшесі деп таныстырған. Қалған 488 адам өздерін гетеросексуалдар деп атаған. Бірақ күдіктенетіндіктен, зерттеудің кей қатысушыларының жариялаудан өздерінің сексуалдық көзқарасын ашық білдіруге қорқатындықтары анық еді.

2013 жылы Қазақстан парламентінің төменгі палатасы «Неке және отбасы» кодексінде «Кәмелетке толмағандар арасында гомосексуалдықты насихаттауға тыйым салу» заң жобасын ұсынды. Аталған заң 2013 жылдың 11 маусымында қабылданған гомосексуалдықпен күрес жайлы ресейлік заң үлгісі бойынша құрастырылды.

Жақында интернетте Starbucks кофеханалар желісінің басшысының өз ғимараттарында «дәстүрлі некелерді» қолдайтындарды көргісі келмейтіндігі жайлы жалған ақпарат тарайды.

Ресейлік сегментте флешмоб басталды – адамдар келесідей сөздерді жаза бастады:

«Мен енді Starbucks-тан кофе алмаймын. Менің ақшамның бір бөлігі адамдарды азғыру үшін жұмсалатын болса, ол үшін бір шыны кофе қию керек болса да, мен мұны тоқтатуым керек. Адамдар «Starbucks»-тан кофе сатып ала отырып, кәмелетке толмағандарды арандатуға қатысады. Хош иісті сусынның әр шынысына жұмсалған ақша ӘӘБТ-қауымдастықты қолдауға кетеді».

Әрине, деректі тексеріп, жаңалықтың өтірік екендігіне көз жеткізген ақылды адамдар да табылды.

Адамгершілік пен дұрыс ойды қолдаған адамдардың бірқатар пікірлері төменде келтірілген. Сонымен, RUMI мейрамханалар желісінің маркетинг бойынша басшысы Фархат Абдікадыр шетқақпайлаушыларды бірыңғай болуға шақырып, келесі сөздерді жазған: «Гомофобтардың назарына, біржынысты некелерді тек Старбакс қана емес, Apple де қолдайды. Тим Кук өзінің көгілдір екенін жайдан жай мойындаған жоқ, ол оны Құдайдың берген сыйы деп атады:) Айфондарыңызды лақтырып жіберіңіздер».

Бұрынғы болса да шенеуніктер арасында адам құқығын әмбебап деп есептейтіндер бар. Бұрынғы вице-министр, қазіргі SmartInvestments ЖШС директоры Марат Төлібаев келесі сөздерді жазған:

«ӘӘБТ құқықтарын қорғауға қатысты «Starbucks» акциясын қолдау үшін, мен гомосексуалист емеспін. Мен қара нәсілді емеспін. Мен мұсылман емеспін. Мен веган емеспін. Мен аталған топтардың ешбіріне тиісті емеспін, бірақ, мен олардың барлығының біздің қоғамымызда



еркін, қорқынышсыз өмір сүргенін қалаймын. Олардың өз көзқарастары мен ұстанымдарын жасыруға немесе қорқуға мәжбүр болғанын қаламаймын. Еркіндік біздің әрқайсымыздың ойымыздан да маңызды және құнды емес пе?»

ӘӘКБТ тақырыбы интернетте көптеген пікірталастар мен даулар тудырады, көптеген компаниялар оны пиар үшін де жиі пайдаланады. «Құбылмалы» интернет бүкіләлемдік тордың белсенді бөлігі болып табылады. Бұл жерде бастысы – артықшылықтарды дұрыс және дәл анықтап, қорытынды жасау.